



Алхан Бóкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 39 (7981) 15 қараша, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

«Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік.

жасалуы тиіс» – деді Қ.Тоқаев. Мемлекет басшысының пікірінше «Қазір ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алады. Мұндай

Жолдау – болашағымыздың іргесін нықтайды

Мемлекет басшысы әр кезеңдегі саяси әрі экономикалық ахуалға сай үндеулер жолдап, түрлі жиындар өткізетіні баршаға мәлім. Сол секілді биыл жылғы Жолдауда да мемлекетіміздің экономикалық-әлеуметтік даму мәселелері жөнінде кеңейтіле айтылуы орынды.

Президент өз сөзінде саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті.

Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындар табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік

кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кеңге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін іске кірісу керек. Тапсырмалар мұлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Батыл іске кірісетін уақыт жеткенін баса айтты.

Б.Сәденова,
К.Байсейітова атындағы
тірек мектебі.

Еліміздің дамуына тың серпін

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында жыл ішіндегі еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі негізгі өзгерістерді тілге тиек етіп, жүзеге асырылған реформалар негізделгенін қадап айтты. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Қ.Тоқаев. Бұл ашық қоғамның алғышартындай маңызды мәлімдеме болды деп санаймыз. Жалпы жолдау барысында Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, «мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу

идеясын насихаттаймыз», – деп баса айтты. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Президент бұған дейінгі Жолдауларында, Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында да аса іргелі саланы дамыту туралы айтып, Үкіметке нақты міндет жүктеп келді. Сондай-ақ, өз сөзінде ауыл тұрғындарына аз пайыз болатын шағын несие берілетінін, ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылатынын жеткізді.

Е.Нұртазин,
кәсіпкер,
Ақтоғай ауылы.

* 15 қараша – Ұлттық валюта күні

Құрметті қаржы саласының қызметкерлері!

Сіздерді Ұлттық валюта күнімен құттықтаймын! 15 қараша – Қазақстан үшін ерекше маңызы бар күн. Бұл күні егемен еліміздің тәуелсіздігінің айрықша белгісі – ұлттық валютамыз теңге айналымға енгізілді. Тарихи жаңалық Қазақстанның экономикалық кеңістігін қалыптастырып, қаржы рыногындағы даму негізін қалады. Халықаралық аренада біздің еліміздің танылуына ерекше әсер етті. Ұлттық валюта күнінің қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келуі тегін емес. Олар ұлттық валютамызбен тікелей жұмыс істеп, оның айналымын ұдайы қадағалап отырады. Бүгінгі күні біздің аймақтағы барлық қаржы саласының қызметкерлері өздерінің тараптарына жолданып жатқан жүрекжарды құттықтауларды қабылдауда. Олардың арасында өз ісіне жан-тәнімен берілген, мол тәжірибелі, жоғары білікті мамандар өте көп. Біздің өңірде экономикалық өсімді қамтамасыз ету және тұрғындардың әлеуметтік тұрмысын жақсарту бағытында қаржылық сауаттылыққа орай алға қойған міндеттер оңтайлы шешілуде.

Құрметті қаржы саласының қызметкерлері, Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің қиындығы мен қызығы басым саладағы еңбектеріңізге жеміс, өздеріңізге зор денсаулық, отбасылық бақыт, ертеңгі күнге деген зор сенім, тұрақтылық пен табыс тілейміз.

Ақтоғай ауданының әкімі

А.Аманжолов

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов



AQTÓGAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
1 жылға – 4914,60 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.
1 жылға – 5914,56 теңге.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған
№ 1, 3, 7 бірмандаттық сайлау округтері бойынша Ақтоғай
ауданы мәслихатының шығып қалған депутаттарының
орнына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

№1 сайлау округі бойынша

- Бейсенбеков Мирас Сабырович, 1991 жылы туған, бас маман, «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 05.11.2024 ж;
- Ошакбаев Саттар Несипбекулы, 1968 жылы туған, атқарушы хатшы, Қарағанды облысы «AMANAT» партиясының Ақтоғай аудандық филиалы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, «Amanat» партиясы ұсынған, тіркелген күні 11.11.2024ж;
- Серғазы Еркебұлан Серғазыұлы, 1990 жылы туған, бас маман, «Шабанбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 05.11.2024 ж.

№3 сайлау округі бойынша

- Әзімхан Айзат Мейірбекқызы, 2000 жылы туған, меңгеруші, Кежек ауылдық округі клубы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 05.11.2024 ж;
- Кәрібаев Мейірман Талғатұлы, 1995 жылы туған, директор, «Атамекен кәсіпкерлер палатасы» Ақтоғай аудандық филиалы, Қарағанды облысы, Ақтоғай

ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, ««Amanat» партиясы ұсынған, тіркелген күні 11.11.2024ж;

- Өміржанова Назерке Уалиқызы, 1994 жылы туған, бас маман, «Ақтоғай ауданының Жастар ресурстық орталығы» КММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 05.11.2024 ж.

№7 сайлау округі бойынша

- Бекіш Берікбол Тілекұлы, 1998 жылы туған, жаттықтырушы, Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Ақтоғай ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 05.11.2024 ж;
- Елеген Шыңғыс Мұратұлы, 1994 жылы туған, директоры, «Ақтоғай ауданының Жастар ресурстық орталығы» КММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 06.11.2024ж;
- Құтжан Мұхтар Мадбекұлы, 1970 жылы туған, Сарышаған станциясы ТД-19 тепловоз машинисі, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Шу локомотив депосы» БП Жамбыл бөлімшесі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінің тұрғыны, ««Amanat» партиясы ұсынған, тіркелген күні 11.11.2024ж.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

* Мемлекеттік қызмет

Ақпараттық жүйелердің қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі рөлі

Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелер мемлекеттік қызметтер көрсетуді жеңілдетіп, азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасында цифрландыру процесі қарқынды дамып келеді, нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы артып, оның ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілуде. Ақпараттық жүйелер мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын тиімді қалпына келтіру үшін қажетті тетіктерді ұсынады.

Ақпараттық жүйелердің құқық қорғаудағы артықшылықтары туралы айтатын болсақ, ақпараттық жүйелердің енгізілуі мемлекеттік қызметтердің барынша ашық болуын қамтамасыз етеді. Электрондық үкімет платформалары, атап айтқанда eGov.kz, е-лицензиялау, АХАТ (азаматтық хал актілерін тіркеу) жүйелері азаматтарға өз құқықтарын қорғау мақсатында қажет ақпарат пен құралдарды алуға мүмкіндік береді. Бұл жүйелердің артықшылықтары келесідей:

- Қолжетімділік пен жылдамдық: Азаматтар онлайн режимде мемлекеттік қызметтерге қол жеткізе алады, бұл олардың өз құқықтарын қорғау барысындағы кедергілерді азайтады.
- Ашықтық: Әрбір азамат өз өтінішінің статусын қадағалап, қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігіне ие.
- Жүйелілік: Құжаттарды жоғалтқан немесе бүлінген жағдайда, электрондық жүйелерде сақталған ақпарат арқылы оны қалпына келтіру жеңілдейді.

Ақпараттық жүйелер арқылы құқық бұзушылықтарды анықтау және шағымдарды тіркеу мүмкіндігі де ерекше бағыт.

Себебі, электрондық үкімет порталы арқылы қызмет көрсету барысында кездесетін құқық бұзушылықтарды сол жүйеден шықпай-ақ тіркеуге мүмкіндік береді. Мысалы, азамат eGov.kz порталындағы арнайы бөлім арқылы шағым немесе өтініш қалдырып, мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды хабарлай алады. Бұл шағымдар мемлекеттік

органдар тарапынан қаралып, азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылданады. Сонымен қатар, азаматтың шағымын қарау нәтижелері де ашық түрде жарияланады.

Сонымен қатар, Агенттікпен қазіргі уақытта қызмет беруші мекемелердің ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік берілуі арқылы қызмет алушылардың құқықтарының бұзылмауына қашықтықтан бақылау жүргізуге қол жеткізіп отыр. Ол арқылы қызмет алушылардың шағымын күтпестен орын алған заңбұзушылықтарға жылдам ден қоюға, талдау жүргізіп, уақытылы қажетті шараларды жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтар қорғаудағы ақпараттық жүйелердің келесі маңызды рөлдерінің бірі – мемлекеттік органдардың қызмет көрсету процесінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру, артық құжаттар талап ету, мерзімнің кешіктірілуі сияқты әкімшілік кедергілердің алдын алуға көмектеседі. Осылайша, азаматтар өздерінің құқықтарының бұзылмауын қадағалап, құжаттар мен өтініштердің қаралу барысын бақылап отырады.

Қорыта келе, ақпараттық жүйелер Қазақстан Республикасында қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде маңызды құрал болып табылады. Олар мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңайлатып, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Азаматтар өз құқықтарын қорғауға бағытталған заманауи ақпараттық жүйелер арқылы өз мәселелерін тезірек және тиімдірек шешуге мүмкіндік алады. Алдағы уақытта Агенттікпен ақпараттық жүйелерді жетілдіру және қызмет көрсету сапасын жақсарту бағытында жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Ж.Сәрсен,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы.

* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Қосымша инфрақұрылым қажет

Бұған дейін өңірдегі мектептерде талшықты-оптикалық немесе радио-релейлік байланыс желілерінің болмауынан интернет жылдамдығын арттыру мүмкіндігі азайғанын. Осыған орай еліміздегі шалғай орналасқан ауылдық жерлердегі 574 мектеп үшін байланыс желілерін спутниктік технологияларды пайдалана отырып ұйымдастыру жайлы шешім қабылданған. Өткен жылы Балқаш қаласының білім бөлімі инновациялық мектептердегі интернет жылдамдығын арттыруды сұрады. «100 мегабит 1500 оқушысы бар инновациялық білім ошақтарына аздық етеді», – деді мамандар. Сондай-ақ, интернетпен қамтамасыз ететін компанияларды анықтау кезінде де қиындықтарға тап болатынын жасырмады. Елдегі білім ошақтарындағы мәселені ескерген Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалын арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. – Кеңжолқты интернет желісіне қол жеткізу әлеуметтік саланы дамыту және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру үшін шарт болды. Пандемия кезінде онлайн білім беруді енгізу мәжбүрлі шара болды. Алайда, бүгін біз оның барлық кезеңдерінде оқытудың біріктірілген нұсқаларын белсенді түрде қолдануды жалғастырамыз. Қашықтан оқыту технологиялары шалғайдағы және шағын жинақталған мектептердің мәселелерін шешуде жақсы көмекші болып отыр, – деді депутат Жұлдыз Сүлейменова. Депутаттың айтуынша, заманауи ақпараттық жүйелер мен цифрлық білім беру платформалары жоғары деңгейдегі байланысты қажет етеді. Сонымен қатар еліміздегі 7 826 мектептің 7 750-і интернет желісіне түрлі технологиялармен қосылғанына қарамастан, тек 5 073 мектепте интернет жылдамдығы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) ұсыныстарына сәйкес келеді. Осы ұсыныстарға сәйкес бір мектепке ең төменгі жылдамдық – 20 Мб/с. Оқушылар саны 400-ден асатын мектептер үшін 20 оқушыға қосымша кемінде 1 Мб/с ұсынылды. Деректерге сүйенсек, еліміздегі 1 643 мектепте интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығын арттыру үшін техникалық мүмкіндік жоқ. Интернет жылдамдығын арттыру мақсатында қосымша инфрақұрылым қажет. Сондықтан, Заң жобасында байланыс инфрақұрылымын жақсартуға, оның сапасын арттыруда мектептер үшін бірқатар норма ұсынылды. Зерттеулер қорытындысы қалаларда ғылыми-зерттеу зертханалары 5G технологиясына қол жеткізе алатынын растады. Сондай-ақ, заң жобасында цифрлық технологиялар үшін инновациялық ортаны дамытуға байланысты өзгерістер ұсынылды. – Қазіргі уақытта Комитет ғылым және жаңа технологиялық саясат мәселелері бойынша бірқатар заң жобаларын қарастыруда. Осы жобада ұсынылған цифрлық технологиялар саласындағы шешімдер инновацияларды дамытудың жаңа құқықтық ортасына тиімді қосымша болады. Мәселен, ұлттық заңнамада тәжірибелік құқықтық режимді енгізу – жаңа идеялар мен жобаларды енгізу үшін құқықтық жағдайларды жедел жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте заңнаманың объективтілігін, қауіпсіздігін және тазалығын сақтау қажет, – деп атап өтті Жұлдыз Сүлейменова.

Аяулым СОВЕТ,

Материал: «Ortalyq Qazaqstan» сайтынан алынды.

* Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына – 100 жыл

* Еңбек адамы

Халық Қаһарманының Сарышағандағы күндері

Даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы өзінің бір естелігінде Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен, қазақтан шыққан қайсар жүректі батыр Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін былайша бағалайды: «Мен де соғысқа қатыстым. Дивизияға дейін басқардым. Төрт жыл бойғы сұрапылдың небір сұмдықты көз алдымда. Бірақ, Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын – ол нағыз ақырзаманның өзі. Жаңағы жігіт сол тозақ отының ішінде болған. Сол алапаттан аруақ қолдап, аман шыққан. Жеңіс жалауын тіккен! Тағдыр оның тарихи адам ретіндегі өмірбаянын сол сәтте жазған!!! Сендердің міндеттерің енді соны



елге айтып, жалпақ жұртқа жеткізу». Осылайша, біз Рақымжан Қошқарбаев есімін өткен XX ғасырдың орта тұсында белең алған Ұлы Отан соғысының Жеңіс туын тіккен қаһарман ретінде танып білгенімізбен, осы күнге дейін қазақ батырының соғыс жылдарынан кейін Сарышаған кентінде еңбек еткенін білмей келгендігіміз рас.

1941-1945 жылдар аралығын қамтыған Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Рақымжан Қошқарбаев тағы да екі жылдай Батыстағы Кеңес әскерінің құрамында қызмет етіп, аман-есен елге оралады. Жанында жауынгерлік серігі Григорий Булатов бар, сұрапыл соғыс жылдарынан емес басқыншыларының басты бекінісі саналған Рейхстагқа ең алғаш Жеңіс Туын қадаған қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаевтың Қарағанды облысындағы Ақтоғай ауданына қарасты Сарышаған кентінің іргетасын қалағандығы жайындағы ақпараттарға енді ғана қол жеткізіп келеміз.

Өз басым, биыл Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, батырдың өмірі мен ерлігі туралы ақпарат дерек көздеріне зер салып, көп іздендім. Бірде, еліміздің «Хабар» телеарнасында түсіріліп, әлеуметтік желіде жарық көрген «Өмір жолы. Рақымжан Қошқарбаев» тақырыбындағы бейнетүсірілімге көзім түсті. Аталған бейнетүсірілімде алдымен: «...дегенмен, Рақымжан батырмын деп кеуде соқпады. Ту тіккенін жария етіп ешкімге айтпалы, елге Ақмолаға оралды. Соғыстан кейінгі ауыл өмірі жадау еді. Елдің бәрі жан бағудың қамымен жүрді. Рақымжан да бірден жұмысқа араласты. Сөйтіп көп ұзамай Гүлжиһан есімді бойжеткенді ұнатады. Рақымжан өте келбетті, батыр тұлғалы жігіт болған. Қыз да ел мақтаған жігіттің етегінен ұстап кете барды» - деп, суреттесе, одан әрі бейнетүсірілімде: «Үйлене салысымен ерлі-зайыптылар Мойынты-Шу теміржол құрылысына жұмысқа келеді. Сарышаған стан-циясында тұрады. Жас отбасына үй береді. Жұмыс беріп жағдайлары түзеледі. Бірақ бұл бақытты күндері ұзаққа бармайды.

Аяғы ауыр Гүлжиһан баланы босану үстінде көз жұмады. Рақымжан кішкентай шақалақпен жалғыз қалады. Ұл бала еді, бірақ сәбидің де күндері санаулы екен. Алты айлық кезінде шетінеп кетті. Таудай тұлға бір сәтте шөгіп қалады. Тағдырына налиды. Мең-зең күй кешеді» - деп, көрсетілген.

Мен де қарап отырмай, осы бейне-түсірілімді көрген соң, жан-жаққа шыға бастадым. Сенсеңіз, бір-екі ай бойы қан-ша талпынсам да, жолыққан адамдардан көңілге қонарлықтай еш мәлімет таба ал-май қор болдым. Содан бір күні жо-лым болып, маған Приозерск қаласы мен Сарышаған кентінің арасындағы жолаушыларды тасымалдайтын Жұма-

ғали есімді такси жүргізушісінің кезігіп қалмасы бар емес па?! Жол бойы сол такси жүргізушісі Жұмағали аға маған Рақымжан Қошқарбаевтың Сарышағанда еңбек еткен жылдарынан аз-кем хабары бар екенін жеткізді. Керек десеңіз, Жұмағали аға өзінің кішкентайынан бірге өскен досы Бижамбек Мейрамқұл екеуі студенттік шағында әке аманатын орындау мақсатымен Алматы қаласына ба-рып, Мейрамқұлдың әкесі Зәкен Бижамбектің жазған хатын сол кезде «Алматы» қонақ үйінің директоры болып қызмет етіп жүрген Рақымжан Қошқарбаевтың өз қолына табыс еткендерін баяндап берді.

Дәл осы Жұмағали ағаның көр-сетуімен, Рақымжан Қошқарбаевтың Сарышаған кентінде еңбек еткен жылдарынан көп мағұлмат алу үшін, Балқаш қаласында тұратын, байырғы Сарышаған кентінің тұрғыны Жақсылық Дакенов ақсақалды іздеп бардым. Бүгінгі күнде еліміздің баспасөз беттерінде батырдың көз алдында ер жеткен Жақсылық ақсақалмен болған әңгіме жайында «Батырдың тізесінде отырып, тәр-бие алдым...» тақырыбындағы мақала жарық көруде. Мақалада Дакенов Жақсылық: «Біз барша халық танитын, Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың есімін жақсы білсек, менің де Рақымжан Дакенов деген үлкен ағам бар еді. Екеуі де есімдері аттас болғандығынан шығар, бір-бірін туғанындай жақын көріп, жақсы сыйлас болды. Қос Рақымжанның таныстығы Ұлы Отан соғысының алдында, Балқаштағы фабрика-зауыт училищесінде бірге оқып жүрген кезінде басталған екен. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін, әскер қатарына шақырылғандар қатарындағы Рақымжан Қошқарбаев офицерлерді даярлайтын Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы әскери оқу орнына жіберілсе, менің ағам Рақымжан Дакенов Қиыр Шығыстағы майданға аттанады. Майдан дала-сынан аман-есен елге келе жатқан ағам Рақымжан жолда пойыз ішінде байырғы сырлас та сыйлас досы Рақымжан Қошқарбаевпен кездесіп қалып, екі дос бір-бірімен қайтадан қауышады. Өздерінің туған елдеріне жеткен соң, екі

(Жалғасы 7-бетте).

Өз мамандығының майталманы



Қаржыгер мамандығы қай уақытта болмасын өзекті, сонымен қатар үлкен сұранысқа ие. Қазіргі уақытта бірде бір кәсіпорын білікті қаржыгерсіз жұмыс істей алмайды. Қаржы мамандығы банк ісі, қаржылық менеджмент, салық және салық салу облысында пайдаланылады. Мамандықтың оңайы болмайды. Әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Солардың арасынан бүгінгі заманға сай, есеп-қисапқа толы – салық саласының мамандығының өз ерекшелігі бар. Әсіресе, мемлекеттің есеп-қисабына келгенде жауапкершілік еселене түседі. Бүгін біз мереке қарсаңында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы Қарлығаш Рахманқызы Жармағанбетова туралы жазуды жөн көрдік.

Кірістер басқармасының басты міндеті – салық саласында халыққа уақытылы және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету. Салық төлеушілермен жұмыс жасау әрине оңай емес. Бұл мамандық біліктілікті, шеберлікті қажет етеді. Ол үшін ұзақ уақыт, мол тәжірибе және қажырлы еңбек қажет.

Сонау 2000 жылдардан бастап Ақтоғай ауданы бойынша салық басқармасында қызмет жасаған адамдардың арасында Қарлығаш Рахманқызын танымайтындар кемде-кем шығар. Қарағанды Қаржы институтын “Бухгалтер есебі және аудит” мамандығын бойынша тәмамдаған менің кейіпкерім 2001 жылдан аудандық салық комитеті аудит бөлімінің салық инспекторы, жетекші салық инспекторы, ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыстары бөлімінің бас маманы (бас есепші), салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлімнің бастығы, ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыстары бөлімінің бас маманы, ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыстары бөлімінің бастығы, ішкі жұмыстар тобының бас маманы болып қызметтер жасап, салық саласына қатысты барлық сатыдан өтіп, өз ісін біліктілігімен, білімімен бағындырған нағыз маман.

ҚР Салық Кодексін басқа да нормативті-құқықтық актілерін және мемлекеттік қызмет туралы заңдарды сауатты қолдана біледі. Қызмет бабында адал және мансапқор емес. Салық төлеушілермен және әріптестерімен тіл табысады, ұжымда үлкен сыйға ие. Өз міндетін әділетті атқарады және жұмыс қабілеттігі ерекше зор. Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, жұмыста белсенділік танытқаны үшін Ақтоғай ауданы әкімінің, Қарағанды облыстық Мемлекеттік кірістер департаментінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының Құрмет Грамоталарымен және 2024 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының құрылғанына 10 жыл толуына байланысты Төс белгімен марапатталған.

Отбасылы, екі бала тәрбиелеп өсірген. Балалары Перизат пен Әсемнің мамандықтары да қаржыгерлік мамандық.

Ұлттық валюта – теңге күні және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында барлық қаржыгерлерді мерекемен құттықтап, зор денсаулық, отбасылық бақыт және қаржылық табыс тілейміз.

Г.Елеусізова.

Республикамыздың Қорғаныс Министрлігінде көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған, полковник Жұматай Боканов, Алматы облысында бірнеше жыл қатар мектеп директоры болып қызмет атқарған Әуесхан Тұрабаев, Балқаш қаласының салық Басқармасында көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған Ошақбай Әлтаев, Тоқырауын ауданы әкімінің бірінші орынбасары болған Бекен Ахаев, Ауған соғысының ардагері, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері, кезінде көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ Совет Одағының сол кездегі Президенті қазақ халқын «өте жақсы» көретін М.Горбачев аяқсыз қалдырған, полковник Байғали Қоқымбаев және тағы да көптеген аты аталмай қалған азаматтар. Сол Байғали батыр Ауған соғысына аттанар алдында: «Егер мен соғыста қайтыс бола қалсам,

тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тлешов және тағы басқа азаматтар.

Тасарал жері өнер адамдарынан да құр алақан емес, суырып салма ақын Қазі ағамыз, әуесқой сазгер-ақын Көбен Бекмағамбетов, елімізге белгілі әуесқой сазгер Наурызбай Бейсекеев, әуесқой сазгер-ақын Мейрам сері, әнші-күйшілер: Мұқыш Сатыбалдинов, Көкіман Майлыаяқов, Серікбол, Мағираш Шағжановтар, Сәулет Ахмедиява, Төкіш Кұлмағанбетов, Асылхан Тұрабаев және тағы басқа азаматтар.

Ауылдан шыққан шебер ұсталар: Күнәділ ағамыз темірден түйін түйсе, ал Жәңгір ағамыз ағаш шебері болды. Сол шеберлердің қолынан шыққан әбдірелер, столдар, әр түрлі шкафтар осы күнге дейін ауылда сақтаулы.

Елімізде тойлар болса ешкімге дес бермей, жауырыны жерге тимеген палуандар да баршылық. Балқаш-Ақтоғай

және еліміздің бірнеше дүркін чемпионы Жәкен Татиев өнерлері бірінші орынға ие болған. Бұл көрсеткіш СССР халықтарының II Спартакиадасы туралы шыққан 2-томдық Энциклопедиясында және «Қазақ күресінің ережесінде» жазылған. Москвадағы «Лужники» спорт кешеніндегі Советтер Одағының спортшының мұражайының көрмесінде екеуінің фотосуреттері, көрсетіп жатқан әдіс-тәсілдерін баяндайтын мағлұматтарға бүтіндей бір қабырғаға орын берілген. Осындай қазақ күресінің іргетасын қалауға белсенді түрде атсалысқан алғашқы қарлығаштардың бірі – Сағыжан ағамыздың сіңірген зор еңбегінің арқасында, қазіргі заманда «Қазақ күресі» дүниежүзілік аренаға шықты. Тіпті «Қазақ күресінен» Әлем чемпионаттары өткізіле бастады. Былтырғы өткен Әлем чемпионатында бірнеше елден палуандар келіп, бас жүлдені Кубалық саңлақ ұтып алғанын

батырдың күмбезін күрделі жөндеуден өткіздік және басына қонақүй салғыздық. Осы жолдардың авторының мұрын-дық болуымен Балқаш қаласында спорт және еңбек ардагері Сағыжан Аманжолұлының жүлдесі үшін еркін күрестен жас-өспірімдер арасында республикалық турнир өтіп тұрады.

Еліміздің қазақ-ша және самбо күресінің бірнеше дүркін чемпионы, бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпазы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, елімізге белгілі бірнеше палуандар тәрбиелеп шыққан, халықаралық төреші Сүйіндік Әрінов. Қазақша күрестен еліміздің чемпиондары: Сайлау Тұрғанбеков пен Мәтібай Жамбековтер. Әр түрлі күрестен елімізде өткізілген түрлі деңгейдегі жарыстардың жеңімпаздары: Сармантай-Еркебек Көккөзовтер, Нұрғазы-Нұрлан Бікіровтер, Марат Қосымханов, Көбен-тай Бижанов, Серікбол Шағжанов, Төрехан

Тасарал ауылының тарихы

сүйегімді Тасаралға жерлендер», – деп қолхат жазып, өсиет еткен екен. Бір айта кететін жайт, сол Байғали Тасаралда туса да, 10 жасында әкесінің қызмет бабымен Қапшағай балық заводының бас директорлығына тағайындалуына байланысты, Тасаралдан Алматы қаласына көшіп кеткен еді және Ауған соғысына аттанарда Тасаралда 20 жылдай болмаған екен. Міне нағыз батырдың туған жерге деген ыстық махаббаты.

Республикалық Тұтыну Одағында, Игілік банкіде, Әділет Министрлігінде, Жоғарғы сотта көп жыл бойы басшы қызметтер атқарған, Жоғарғы Сот-тың Шаруашылық Басқармасының директоры болған, халық арасында «генерал Марал» атанған - Балтышев Марал, Жезказған аймағындағы Халықтық банктің директоры болған Марфуға Мусина, Приозерск қаласының әкімі болған Нұрлан Бікіров, Нұра ауданының салық Басқармасының бастығы болған Тасыбай Кұлмағанбетов, Қарағанды Экономикалық Университет баспасының директоры Фатима Найманбаева, Балқаш қаласының көлік полициясында көп жыл бойы жауапты қызмет атқарған Адамия Майлыаяқов, Алматы қаласындағы «Тасарал» мейрамханасының иесі Дәулет Асанов, Абай аудандық салық Басқарма бастығының орынбасары болған Тлеш Дүйсенбаев, Тоқырауын ауданының судьясы болған Талғат Жүнісбеков, Припахтинск аудандық полициясының бастығы болған Ораза Майлыаяқов, Приозерск қаласының салық Басқармасының бастығы болған Айдар Қарашолақов, Балқаш қаласының жолаушылар тасымалдау мекемесінің директоры Нұрлан Қысанов, «Ақ халатты абзал жандар» Мағираш Шағжанова мен Қайрат Бижанов, «Қазахмыс» корпорациясында басшы қызметтер атқарып жүрген Ардагер Әрінов, Қасқабай Махабаев, белгілі кәсіпкер Найзабай Махабаев, «Карэnergосбыт» мекемесінің бас директоры болған Берік Бүкібаев, Балқаш қаласының прокуроры болған Рүстем Дүйсенбаев, Қарағанды облыстық Білім басқармасының бас бухгалтері Толқын Майкөтова, Сарышығанда жауапты қызметтер атқарған Әбүйір Әлжанов. Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасының орынбасары болған Айдос Бекмағамбетов, Астана қаласында жауапты қызмет атқаратын Алмас Асауов, қазіргі кездегі қазақ алфавитін латын графикасына көшірудің авторы – елімізге белгілі филолог ғалым, Ш.Шаяхметов атындағы Республикалық

өңірінде Тасаралдың палуандары ешкімге дес бермей, финалдық айкастарға тек тасаралдық саңлақтар күресетін еді. Балқаш қаласында болған бір үлкен жарыста түйе палуандыққа (абсолюттік) Тасарал ауылынан жеті бірдей палуан шыққан еді. Олар, әкелі-балалы - Төлеухан-Кентай Ахметовтар, ағалы-інілі-Сүйіндік-Сағындық Әріновтер, Көбентай Бижанов, Марат Қосымханов, Тілеукеш Майкотов. Сол кезде Төлеухан әкеміздің 50 асқан кезі, ал Кентай ағамыз 16-18 жасөспірім бала.

Тіпті сол кездегі бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпаздары және дүние жүзіндегі ең алып держава – Кеңестер Одағының (СССР) кілемдеріне күресіп, жеңімпаз атанған саңлақтар та бар. Дүние жүзіне «Кеңестер Одағы - спорттық держава» деген атаққа ие еді, оның ішінде халықаралық жарыстарда, палуандар ешкімге дес бермейтін еді.

Атап айтсақ, Республиканың қазақ-ша және еркін күрестен бірнеше дүркін чемпионы Сағатай (Сағыжан) Аманжолов 1957, 1958 жылдары елімізге белгілі палуан, жауырыны жерге тимеген Ә.Айхановты екі рет жеңіп, еліміздің екі мәрте абсолюттік чемпионы атанған және Орта Азия және Қазақстанның студенттік жастар ойынының жеңімпазы.

Сол уақытта Ә.Айханов дүние жүзіндегі ең мықты палуандардың бірі болатын. Оның дәлелі, ол кісі кезінде еліміздің чемпионатында Кеңестер Одағының бас палуаны атақты, дүние жүзілік жарыстарда жауырыны жерге тимеген А.Медведті жыққан болатын. Ал А.Медведь Олимпиаданың 3 дүркін, дүние жүзінің 7 мәрте чемпионы еді. Есімі аңызға айналған, Алаштың баһадур палуаны - Әбілсейіт Айханов өзінің естелігінде: «Мен Қазақстанда тек балқаштық Сағыжан Аманжоловтан бір емес, екі мәрте жығылдым. Бірақ Кеңестер Одағының палуандарын бәрін жықсам да, мені Москвада отырған басшылар ашықтан-ашық қысым көрсетіп, не Олимпиада, не дүние жүзінің чемпионатында жібермей қойды. Сондықтан мен Сағыжанды мақтамаймын, онымен мақтанамын», – деп батырға тән мінезбен шындықты мойындайды.

1959 жылы Москва қаласындағы СССР халықтарының II Спартакиадасында, СССР халықтарының ұлттық күресінің әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктерін насихаттау жарысында Қазақстан палуандарының ішінен іріктеліп алынған Сағыжан ағамыз

білеміз. Міне елімізде бірнеше жыл бойы қомақты жүлде қаржысы бар «Қазақстан барысы» тұрақты түрде өткізіліп келе жатыр. Осы жарысты былтырғы жылы дүние жүзінің жүздеген елінің жанкүйері



тамашалады.

Сағыжан ағамыз осы жарыстардың тек құрметті қонағы ғана болмай, 2014 жылғы жарыстың батасын беріп, Қарағанды облысына шыққан палуан А.Барменовке күміс жүлдені табыстау мәртебесіне ие болды.

Сағыжан ағамыз екеуіміз «Ағыбай батыр» қоғамдық қорын құрып, қыруар жұмыс атқардық. Атап айтқанда, мемлекет бюджетінен бір тиын алмай, демеушілердің көмегімен Балқаш қаласының төрінен Ағыбай батырға ескерткіш орнатып, жас ұрпақтарды отандық патриотизмге тәрбиелеуге лайықты үлес қостық. Одан басқа, бір ғасырдан аса ешқандай жөндеуден өтпеген Ағыбай

Сағындықов, Аманбек Әлтаев, Төлеухан-Кентай Ахметовтер, Ұлан Қысанов, Тілеукеш Майкөтов және елімізге белгілі боксер Мақсұт Мақашевтар.

Елімізге белгілі палуан, Қазақстанның

бірнеше дүркін чемпионы, «Қазақстан барысының» күміс жүлдегері Ержан Шынкеевтің атасы мен әкесі осы Тасаралдың тұрғындары, олар кейіннен ғана Бошаға ауылына көшіп кеткен. Атасы Кенған ақсақал аттың құлағында ойнайтын нағыз «циркач» болатын.

Атап өтетін жайт, Тасаралда кейінгі жылдарға дейін, екі жастың үйлену тойының арты үлкен ұлттық спорт ойындарына ұласатын еді және «аламан» бәйгі, көкпар, түйе жарысы, жаяу жарыс, палуандар күресі және басқа да бірнеше ұлттық ойындар міндетті түрде өткізілетін еді. Осы тойларда Кенған ақсақал шауып келе жатқан ат үстінде тұрып бірнеше ойындар көрсетсе, Бақыш ақсақал тұрған нар түйенің үстінен

бақанмен секіріп өтетін, ал «желаяқ» Касен ағай жаяу жарыстан алдына жан салмайтын.

Бүгінде республикамыздың барлық өңірінде әр түрлі салада басшы, жауапты қызметтерде жүрген Ақжолтай Ағыбай батырдың Тасаралының ұл-қыздарын жұртшылық жақсы біледі.

Тасарал ауылынан 6-8 шақырым жерде «Екісор» деген жер бар. Ал қасындағы «Терісаққан» біздің ата-бабаларымыздың қыстағы болған. Оның дәлелі, сол жерде төрт бірдей ағамыз жерленген. Қазақтың соңғы батырларының бірі Сәулебай ағамыздың қыстағы да сол жерде болған және ол жер «Сәулебайдың қара төбесі» (Жалғасы 5-бетте).

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

(Жалғасы. Басы 4-бетте).

деп аталады. Сол заманның өзінде, осы жерде аталарымыз тұз өндірісін жақсы дамытқан. Тұз тасушы кірешілер, тұзды Қазақ елінің әр түкпіріне тек Сәулебай батырдың рұқсатымен ғана тасыған. Кеңес өкіметі кезінде де бұл жерде тұз өндірілді. Бірақ 1949 жылы Балқаш көлінің су деңгейінің көтерілуіне байланысты, тұз өндіріс орны тұзды көлге айналады. Қазіргі кезде ЖОО «Балқаштұз» бірнеше жыл бойы тұз өндіріп жатыр. Осы жерде тұз өндірісінің қайта жандануына өзімнің үлесім тигенін баса айта кетейін. Сонау 1990 жылдың қиын-қыстау заманында «Балхашгеология»-ның бастығы Н.Кулишкинге: «Темір алтын іздегенше, ақ алтын - тұз өндірісіне көш және ақ алтынды іздеп керегі жоқ, Тасаралдың жанында «Екісор» деген жер бар, ата-бабаларымыз сол жерден тұз өндірген, сол жерді зерттеп, тұз өндірісін ашқан жөн, сен тек Тасарал ауылына тапқан пайданның елу пайызын беріп отырасың», – деп оған шарт қойып едім, Н.Кулишкин оған бірден келісті. Осыдан кейін мен оны Тасарал ауылына әкеліп, ауыл және колхоз басшыларымен кездестіріп, олар бұл бастаманы (идеяны) бір ауыздан

қолдады. Тоқырауын ауданының сол кездегі әкімі Байыз Төлеубайұлы Мейірмановтан келісім алғаннан кейін, Н.Кулишкин жұмысының бәрін тастап, тек тұз өндіруге керек құжаттарды дайындауға қызу кірісіп кетті. Бас-аяғы 2-3 айда барлық керек құжаттарды дайындап, тұз өндіруге кірісіп кеткен еді. Алғашқы ғылыми және лабораториялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, тұздың сапасы өте жоғары болып, оның қоры 100 жылға жететіні және тұз қорының табиғи жағдайда үздіксіз толығып отыратыны белгілі болды. Осы кезде сол кездегі Тасарал ауылының басшылары: «Тұзды өзіміз өндіреміз, ешқандай да «Балхашгеологиямен» бірікпейміз», – деп аяқ астынан ат-тондарын ала қашты. Шындығында, сол уақытта колхоз басшыларына тұз өндіруге керекті құжаттар дайындау мүмкін емес еді. Оның бірнеше себептері бар еді. Біріншіден, колхоздың басты кәсібі балық аулау болатын; Екіншіден, «Екісор» жері мемлекеттің қорындағы жер, яғни Тасарал ауылының территориясына жатпайтыны белгілі болды; Үшіншіден, сол кезде тұз өндіру үшін рұқсат құжаттарды (лицензия) Қазақстан Республикасының Геология Министрлігі беретін еді және рұқсат «Балхашгеологияға» беріліп қойған еді. «Балхашгеология» жұмыскерлері тұз өндіруде жақсы табыстарға жетіп, атақтары еліміздің түкпір-түкпіріне жете бастады. Осы кезде «Балхашгеологияға» жан-жақтан «инвесторлар» келе бастады. Сол «инвесторлардың» біреуі тұз өндіретін ірі завод саламыз, басқа да неше түрлі «жақсылықтар әкелеміз» деген желеумен «Балхашгеологияның» акциясын түгелімен сатып алып, оның заңды иесі болып шыға келді. Олардың алдау-арбауына шын сеніп қалған «Балхашгеологияның» бұрынғы бастығы Н.Кулишкинді бір-екі жылдан кейін қуып шығып, қазіргі дейін өздері тұз өндіріп жатыр. «Бәрінен де бар жақсы» дегендей, тұз өндірісінің Тасарал ауылына тиген пайдасы - ауылдың бірнеше жігіттері жұмысқа орналасып, қазіргі кезде өндірістің атқарушы директоры Көбен ағамыздың баласы – Арман Бекмағамбетов болса, ал жұмысшылардың бригадирі Мұсадық әкеміздің баласы – Берік Бекмағамбетов. Ал енді сол жердегі емге шипа – емдік саз туралы да айтып кеткен дұрыс шығар.

5

Бұл жердің емдік қасиеті туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар. Сонау Кеңес үкіметі кезінде Москвадан, Алматыдан ғалым-дәрігерлер жан-жақты зерттеп, ғылыми және лабораториялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, емдік саздың сапасы өте жоғары болып, Одақ бойынша алдыңғы қатардағы емдік сазбен емделетін шипажай ашамыз деп, бірнеше ресми құжаттар дайындалған болатын. Бірақ өкінішке орай, Кеңестер Одағы аяқ астынан тарап, бұл игі ұсыныс қағаз жүзінде қалады. 1995 жылы мен қоғам қайраткері, қазақтың бір туар, зиялы азаматы Балқаш қаласының профилакториясының 30 жыл бойғы бас дәрігері болған Елубай Қабықейұлы Баймағамбетовті осы жерге әкеліп, ем-шипа-сазды көрсеттім. Осыдан кейін Елекең осы сазды Алматыдағы Республикалық зерттеу институтына жан-жақты зерттеуге жіберген болатын. Ғалым-зерттеушілер саздың емдік қасиетіне жоғары баға беріп, сол уақыттан бастап, осы күнге дейін Балқаш, Приозерск қалаларының профилакториясы, мыңдаған демалушыларға емдік сазбен емдеу жолымен ем-шипа алып жатыр. Демалушылардың



пікіріне сүйенсек, саздың емдік қасиеті өте жоғары. 2020 жылдан бастап, Приозерск қаласында ашылған Президенттік Шаруашылық Басқармасына тікелей бағынатын «Балқаш» шипажайы да осы емдік сазбен демалушыларын емдеп жатыр. 2019 жылдың 16-18 тамыз күндері Тасарал ауылының 90 жылдық мерей тойы жоғарғы деңгейде аталып өтті. Мерейлі тойды ұйымдастыру тобы да құрылып, ауылды көркейту мақсатымен, бірнеше мәдени шаралар ұйымдастыру жоспарланды. Атап айтқанда, ауыл мешітін және мектебін абаттандыру; балаларға арналған спортпен шұғылданатын алаң жасау; балықшылар аллеясындaйындау; мектепке керек аудио-видео, компьютер, спорттық жабдықтар алып беру; халықтың суға түсетін, көл жағасындағы пляжды абаттандыру және тағы басқа да игі бастамалар қолға алынды. Осы игі іс-шараларға ауылдың еңбектеген баласынан, еңкейген шалына дейін өз үлестерін қосып, той өткізу іс-шараларына қомақты қаржы жиналды. Баса айтатын бір жайт, ауылдың бірнеше әулеттері, түйе-ат бәйгілерін, күресті, қошқар көтеру, басқа да өткізілетін жарыстарды ұйымдастыруға қаржымен көмектесіп, жарыс жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтарды өздері табыстады. Бірнеше киіз үй су жағасына тігілді және тойдың барлық іс-шаралары сол жерде өтті. Киікті ауылынан немере інілерім – Сатан ағамның (Сатыбалды) Нұрлан-Жасұлан бастаған балалары және Мойынтыдан келеген нағашыларым –

15 қараша 2024 жыл

Тлеухор, Кенжебайдың балалары екі киіз үй тігіп, ту биелерін сойып, екі күн бойы қонақтарды күтті. Той үш күнге созылды. Бірінші күні балалар мен жасөспірімдердің күресі болды. Екінші күні ата-бабаларымызға құран бағышталып, той салтанатты түрде ашылды. Одан кейін мерей тойдың бағдарламасы бойынша іс-шаралар өзінің кезек-кезегімен өтті. Шыңкеев Ержан бауырымыз төрт бірдей Қазақ күресінің чемпиондарын алып келген екен. Олар: Асыл Барменов, Олжас Шыңкеев, Мұхит Мұхамеджанов, Айдын Келдібек. Күш атасын танымайды дегендей, ауылдан да бірнеше бала күреске қатысты, басқа жақтан келген жас палуандар да болды. Күрес өте тартысты өтіп, Асыл Барменовты жыққан Олжас Шыңкеев жеңімпаз атанды. Ауылда бірінші рет су жарыстары: ескекпен қайық, суға жүзу жарыстары өткізілді. Ескекпен қайық жарысында Әбіләкімнің баласы Данияр ешкімге дес бермей жалғыз дара келсе, ал жүзу жарысында Тлеудің баласы нағыз жүзгіш екенін көрсетіп бірінші келді. Елімізде тұңғыш рет түйе жарысы өтті. Түйе жарысында Қамиұлы Бауыр-жанның

гердің «Көк Толқын» әніне жазылған Мейрам серінің сөзі жазылды. Одан басқа, 1971 жылы туған Ғалия бастаған ауылдың қыз-жігіттері судың жағасына әп-әдемі үсті жабық бірнеше орындықтар орнатты. 2023 жылдың маусым айынан бастап ауыл әкімі болып сайланған Балтышев Ерік, ауылды көркейтіп абаттандыру мақсатымен, ауылдың тазалығын басқа да игі бастамаларды қолға алып, жұмысқа белсене кірісті және аз уақыттың ішінде өзін білікті де, білімді іскер басшы ретінде көрсетті. 2024 жылдың 13 шілде күні, Петропавл-Алматы халықаралық тас жолының Тасарал ауылына бұрылатын қиылысына, ауылдың 1967 туған Айтқұл бастаған жігіттері «Балықшылар күнінің» қарсаңында өздерінің қомақты қаражаттарына Бекіре (Осетр) балығының құрметіне өте әдемі ескерткіш (обелиск) орнатты. Ескерткіштің постаменті табиғи қызыл граниттен, ал балықтың өзін Алматының шеберлері дайындаған. Эскиз-дизайнның Қарағанды қаласының белгілі сәулетшісі Мұстафин Бейбітке дайындаттым. Ауыл әкімі Еріктің ұйымдастыруымен, халықтың суға түсетін, көл жағасындағы пляж абаттандырылып, 1994 және 2004 жылдары туған ауылдың балалары сол жерге халық демалатын жап-жақсы екі беседка орнатты. Биыл біздің сыныптың ауылдың сегіз жылдық мектебін бітіргенімізге мерей той - 50 жыл толып, осыған байланысты, ауылда өткен «Балықшылар күніне» арналған спорттық іс-шараларын қаражаттандырдық. Одан басқа мектепке ақшалай көмек жасап, бірінші сыныптағы ұстазымыз Сәуле Әлиакпарқызы мен жоғарғы сыныптарда класс жетекшіміз болған Базаркүл Ысқаққызыдарына бастарына ақ жаулық, иықтарына шапан, ал химия пәнінен сабақ берген, кейіннен мектеп директоры болған, аяулы Ерғали ағамыздың да иығына шапан жаптық. Міне биыл киелі мекен – Тасарал ауылының іргесі қаланғанына 95 жыл, ал алтын білім ошағына 90 жыл толды. Қарағанды облысының сол кездегі әкімі Жеңіс Махмұдұлы Қасымбектің пәрменімен ауылға жаңа мектеп салуға керекті құжаттар дайындалып, қазір Астанаға келісім алуға жіберілді. Бірақ осы уақытқа дейін, жиырма бес жылдың ішінде ауылдың бірде-бір азаматы «Ақтоғай ауданының Құрметті Азаматы» деген марапатқа ұсынылмапты, ауылда дәрігерлік амбулатория, балаларға арналған спортпен (күрес, футбол, волейбол) шұғылданатын ғимарат, ауылды абаттандыру, оның ішінде ауылдың көшелеріне асфальт төсеу де көп жыл осы аталған шараларды, Абылай мырза бастаған Ақтоғай ауданының басшылары қолдайтын шығар деп сенім білдіремін! Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдетіп өткен жер. Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер, Ғашықтар бір-бірін өпкен жер. Сарылып сал-сері кеткен жер. Бас иіп, иіскеп топырағын, Тағзым жасамай өтпендер! Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз дегендей, Ақжолтай Ағыбайдың аруағы желеп-жебей берсін!

**Шөженов Жұмағұл,
Қазақстан Республикасының
Құрметті Азаматы, Қазақстан
Республикасының Құрметті Заңгері,
Қазақстан Республикасының
Журналистер Одағының мүшесі,
«Үш би», «Ұлт мақтанышы»
марапаттарының иегері,
Ағыбайтанушы, Өлкетанушы.**

Өмірін ғылымға арнаған жазушы

Иен далада алдымен бір соқпақ пайда болады. Сосын онымен адамдар жүре бастайды да жол теңеседі, ол одан жүре жолға айналады. Онымен хан да, қараша да, басқалар да жүріп өтіп, арманын ұштайды немесе көңіліне сәуле қондырады. Сол сияқты, өмірге келген әрбір жан өседі, өнеді, одан ары елі, жері үшін тер төгіп, еңбек ететін азаматқа айналады. Иә, сондай азаматымыздың бірегейі Мұхамедқали Баймұханов 1944

әрі қасиетті орын. Құнанбай Өскенбайұлы бұл мешітті 1849 жылы салдырған. Бұл мешіт сол замандағы қазақ халқы үшін діни білім алу, діни құндылықтарды насихаттау, ислам дінін тереңірек түсіну орталығы болды. Құнанбай қажы мешіті дәстүрлі қазақ архитектурасының ерекшеліктерін сақтап, сол заманның стильдерін бейнелейтін ғимарат болып саналды. Мешіттің құрылысына өзі жетекшілік етіп, жергілікті халыққа

құндылықтарды жаңғыртуға деген ерекше ықыласты білдірді. Мешітті қайта ашу қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарына қайта бет бұрып, рухани тәуелсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Осы оқиға қазақ қоғамының ислам дініне деген сенімін нығайтып, халық арасында діни құндылықтарды сақтауға және оларды қайта жаңғыртуға деген талпынысты күшейтті.

1998 жылы Қарағандыға көшіп

халықтарының қолданысындағы шағатай жазуын зерттеген ғалым. Оның осы саладағы еңбектері мен зерттеулері Қазақстанның мәдениеті мен ғылымында үлкен орын алады. Баймұханов "Абылай заманы" тарихи романы, "Адамды өз атымен атайтын халық," "Қызыларай баурайында" секілді еңбектердің авторы болып табылады. Оның шығармалары Қазақстанның тарихын, мәдениетін зерттеу және қазақтың ұлттық құндылықтарын тану жолындағы құнды дереккөзі болып саналады.

Ол өзінің зерттеулерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, әсіресе ислам мәдениеті мен түркі жазуларын дамытуға үлес қосты. Арабистика және түркі-шағатай жазуын зерттеу саласында бірегей маман ретінде танылған Мұхамедқали Баймұхановтың еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де белгілі болды. Оның жұмыстары Қазақстанның рухани және мәдени мұраларын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Осылайша, ол ғылым мен мәдениет саласында елінің дамуына өз үлесін қосып, халқына қызмет етті.

Мұхамедқали Баймұханов – еліміздің мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі,



жылдың тамыз айында, Ұлы Отан соғысының аяқталуы жақындаған тұста Ақтоғай өңірінде дүниеге келді. Бала кезінен бастап білімге деген құштарлығын көрсете білген Мұхамедқали ауыл ақсақалдарына кітап оқып беріп, бес жасынан оқу-жазуды игерген. Оның әдебиет пен ғылымға қызығушылығы осы кезден-ақ байқалды. Бұл қызығушылығы оның өмір жолын айқындаған және қоғамға үлкен еңбек сіңіруіне себеп болған ерекше құбылыс еді.

Әскери қызмет жылдары Мұхамедқали Баймұхановтың өміріндегі ерекше кезең болып табылады. Сол уақытта ол араб тіліне қызығушылық танытып, Мәскеуде атақты профессор Щербатовтың дәрістеріне қатысуға мүмкіндік алады. Бұл кезең оның ғылымға бет бұрып, ислам мәдениеті мен араб тілі бойынша білімін арттыруына ықпал етті. Осы уақыттан бастап ол араб тілі мен шағатай жазуларын зерттеп, терең білім жинақтап, болашақтағы ғылыми қызметіне бағыт алды десек те болады.

Әскери қызметтен кейін Мұхамедқали Баймұханов туған еліне оралып, мәдениет саласына араласып, аймақтық деңгейде үлкен жауапкершіліктерді мойнына алды. Ақтоғай мен Қарқаралы өңірлеріндегі мәдениет үйлерінде қызмет атқарған ол халықтың рухани байлығын дамытып, ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне үлкен үлес қосты. Әсіресе, Құнанбай қажы мешітінің қайта қалпына келтірілуіне атсалысуы оны халық арасында үлкен құрметке бөледі.

Құнанбай қажы мешіті – Қарқаралы өңірінде орналасқан тарихи



діннің мәнін түсіндіруде үлкен рөл атқарған. Уақыт өте келе, мешітке жөндеу жұмыстары қажет болды. 1990 жылдары Құнанбай қажы мешітінің қайта қалпына келтірілуі қолға алынды, бұл қазақ халқының рухани өмірінде үлкен маңызға ие оқиға болды. Аталған жұмыстарға Мұхамедқали Баймұханов жетекшілік етіп, мешітті қалпына келтіруде және оның тарихи маңызын халыққа жеткізуде үлкен еңбегі сіңді. Жөндеу жұмыстары халықтың қолдауымен жүргізіліп, тарихи нысанның бастапқы келбеті сақталып, өз қасиетін жоймай, халыққа қайта ұсынылды. 1992 жылы мешіттің қайта ашылуы – Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңіне сәйкес келіп, ұлттық мәдениет пен діни

келгеннен кейін, Мұхамедқали Баймұханов өзінің әдеби және журналистік қызметін бастады. Ол "5 арна" телеарнасында "Жақсылардан ғибрат" атты авторлық бағдарламасын жүргізіп, халқымыздың танымал тұлғаларын насихаттауға зор үлес қосты. Бұл бағдарлама арқылы көптеген ұрпақ ата-бабаларының өмірінен, олардың өнегелі істерінен, халқымыздың ұлы тұлғаларының жолынан хабардар болып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйренді.

Мұхамедқали Баймұхановтың ғылыми мұрасы оның араб және түркі-шағатай жазуларына деген қызығушылығының нәтижесінде қалыптасты. Ол араб жазуын жетік меңгеріп, араб жазуының тарихын, ерекшеліктерін және түркі

және профессор ретінде өз халқының игілігі үшін қызмет еткен ардақты тұлға. Оның 80 жылдық өмір жолы білім мен ғылымға арналып, бүгінде мол рухани және мәдени мұра қалдырып отыр. Әдебиет пен тарихқа, ислам мәдениеті мен арабистикаға деген ерекше қызығушылығы оның өмір жолында ерекше көрініс тапты. Баймұханов Мұхамедқалиұлының ғылыми еңбектері мен шығармалары қазақ халқының тарихи мұрасын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде үлкен рөл атқарып келеді.

М.Тлебалдиева ,
Астана халықаралық
университеті Өнер және
гуманитарлық ғылымдар жоғары
мектебінің аға оқытушысы, тарих
ғылымдарының магистрі .

(Соңы. Басы 3-бетте).

дос бір-бірімен хат жазысып, хабар алып тұрады. Менің ағам досына жазған бір хатында Рақымжан Қошқарбаевқа осында Мойынты-Шу теміржолы құрылысының басталғанын жазып, өзінің Сарышаған станциясында еңбек етіп жүргендігін жеткізеді. Көп ұзамай Рақымжан Қошқарбаев та жетіп, менің ағам Рақымжан Дакеновпен бірге теміржол құрылысына бел шешіп кіріседі...» - дегенді алға тартады.

Жақсылық Дакеновтың ағасы Амангелді Дакенов ақсақалдың өт-кен жылы өмірден озғаны баршаға аян. Өзінің көзі тірісінде Амангелді ақсақал «Балқаш өңірі» аймақтық қоғамдық-саяси газетінің 2023 жылғы 5 мамырдағы № 33 (13213) санында жарық көрген тілші Кәрім Нұрдос Маратұлының «Қос Рақымжан іргесін қалаған Сарышаған» мақаласында:

«Бұл Сарышаған батыр Рақым-жанның қолтаңбасы қалған аумақ. Маньчжурияда соғыста болған менің Рақымжан Дакенов есімді ағам екеуі 1949 жылы Сағышағанға келіп, құрылыс жұмысын бастаған. Ол кезде мен 9 жастамын. Алғашында бұл жерде Бекет болған. 50-ші жылдардың екінші жартысы Қазақстан үшін, соның ішінде біздің облыс үшін де жаңа құрылыстар мен қоныстойларының дәуірі болды. Партия тапсырмасына сәйкес, Рақымжан Қошқарбаев пен Рақымжан Дакенов іске кірісті. Жұмысшыларды жұмылдырып, құрылысты кең көлемде жүргізіп, тұрғын үй, қойма, мектеп, асхана, мәдениет үйін, жатақхана, наубайхана және монша салды. Сондай-ақ, жұмысшылар мен қызметшілер мемлекеттен қарыз алып, жеке үйлер де тұрғызған. Осынау құрылыстың басында қос Рақымжан жүргенін көзім көрді. Менің ағамның әйелінің аты Үкітай, ал Рақымжан Қошқарбаевтың әйелінің аты Гүлжиһан еді. Біздің үйге келіп тұратын. Өлі есімде, «Халық Қаһарманы» қолыма қалың дәптер мен қалам ұстатып мектепке жіберген. Содан кейін не жазып жүргенімді тексеріп отыратын. Батырдың тағдыры сынаққа толы екен. Гүлжиһан босануға барып аурухана төсегінде көз жұмды. Баланы аман алып қалғанымен, нәресте 6 айлығында шетінеп кетті. Гүлжиһанды Приозерск қаласына шыға берісте жолдың сол жақ қанатындағы Исабектің Ақтайының шабындығындағы жалғыз төбенің басына апарып, аулап қойды. Алты айдан кейін шетінеген ұл баласын анасының қасына апарып жерледі» - деп, естелігін қалдырады.

Марқұм Гүлжиһан Сәрсенбайқызының бес ағайынды екендігі қаламгер Жанболат Аупбаевтың 2014 жылы Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ту тіккен» тақырыбындағы мақаласында көрсетілген. Дәл осы мақалада Жеңіс Туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың көзі тірісінде айтып кеткен естелігі жазылған. Сол естелік жазбада Рақымжан:

«...Гүлжиһан екеуіміз үйленіп, отбасын құрған соң, сол кездегі аты жиі естіліп, жастарды жұмысқа шақырып жатқан «Мойынты-Шу» теміржол құрылысына аттандық. Сарышаған станциясындамыз. Үй берді. Кәсіп бар. Өмір жақсы. Бірақ ауа райы қатал. Құн ыссы. Жер сортаң. Су ащы. Мұның бәріне көндігіп кетер ме едік, қайтер едік, егер бір бақытсыз оқиға болмағанда....

....Көрші-қолаң, жора-жолдастарымның қоларынан басу айтқаннан басқа не келеді. Жылы сөздерімен жәрдемдерін аямайды-ақ. Бірақ, менің еңсем көтерілер емес. Өстіп жүргенде еңбек демалысымның

да уақыты келді. «Алматыға барайын», – деп ойладым іштей. Осы шешіммен Алатау баурайына қарай тарттым. Содан Сарышағанға ұайта оралғаным жоқ» - деп, өткен күндеріне шолу жасаған екен.

Бүгінгі күнде Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен, қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаевтың Сарышаған кентіндегі еңбек еткен жылдарын анықтау, тұрған үйінің орнын табу, жұбайы марқұм Гүлжиһан мен ұлының жатқан жерлеріне қоршау жасап, белгі тас қою сынды жұмыстарын Саршыған кентінің бір топ азаматтары қолға алып жатқандығын зор мақтанышпен жеткізе аламыз. Осы игілікті істе асқан белсенділік танытып жүрген Абдрахман Оспановқа, Шынтас Мухашевке, Серік Абрашиловқа және Сарышаған станциясының Теміржол мекемесінің басшыларына айтар алғысымыз шексіз.

Дерек көздеріне сүйенсек, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы Қаулысымен қазіргі Ақмола облысы Целиноград ауданының Қосшы ауылындағы орта мектепке Рақымжан Қошқарбаевтың есімі беріледі.

Егеменді еліміздің бас қаласы саналатын Астанадағы даңғылға Рақымжан Қошқарбаев есімі берілді. Балқаш қаласында еліміздегі кәсіби мамандарды даярлайтын «Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев атындағы Балқаш техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны бар. Аталған оқу орнының алдандағы ескерткіш тақтада «Рақымжан Қошқарбаев 1938 жылы осы оқу орнында дәріс алған» - деген жазу бар.

Қарағанды облысының Приозерск қаласында Рақымжан Қошқарбаев атындағы көше бар.

Астана қаласында Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаев даңғылдарының қиылысында Рақымжан Қошқарбаевқа еңселі биік ескерткіш орнатылды.

Жақында Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында, Ақмола облысы Қосшы қаласына қарасты Тайтөбе ауылында үлкен аллея бой түзеп, батырдың құрметіне бюст орнатылды.

Айтарым, соғыстан кейінгі жылдары Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың Сарышаған кентінде еңбек еткен жылдары ескеріліп, Ақтоғай ауданындағы ауылдық елді-мекен көшелері мен Сарышаған кентіндегі оқушылар білім алатын орта мектепке Рақымжан Қошқарбаевтың есімі берілсе дейміз. Тіпті, көп ел болып қолға алса, жолаушылар көп қатынайтын Сарышаған станциясының жаңадан салынған вокзалының алдынан Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткіші бой көтерсе де артық етпес еді.

Алдағы келе жатқан 2025 жылы, Жер шарындағы бүкіл адамзат баласына үрей туғызған екінші Дүниежүзілік соғысының басты майдан даласына айналып, 1941-1945 жылдар аралығын қамтыған Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толуын атап өтетін боламыз. Осы Ұлы Жеңіске жетудегі қазақтан шыққан ержүрек батыр Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі тарихта алтын әріптермен жазылып қалатыны анық. Ер есімі ел есінде мәңгілікке сақталатынына сенімдіміз!

Тілек Алшымбекұлы
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы.
Сарышаған кенті.

«Ақтоғай ажары» газеті редакциясының ұжымы және ардагерлері газеттің ардагер қаламгері Сабилә Нұржановаға бауыры **Нұржанова Жазира** мен анасы **Келмағанбетова Сақанның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

Открылось наследство после смерти Ергалиева Марата Абдисалыкулы, 02.09.1967 года рождения, умершего 08.06.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Открылось наследство после смерти Исабек Аслан Русланулы, 06.01.1994 года рождения, умершего 27.05.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Еске алу



Аяулы жар, ардақты әке **Бакиров Асхат Оңалбайұлы** тірі болғанда 19 қарашада 50 – жасқа толар еді... Сұм ажал ортамыздан тым ерте (45 жасында) алып кеткені қабырғамызды қайыстырады, ортамыздан кеткеніне де 5 жылдың жүзі болды, дұға жасаудан басқа қолымыздан келері жоқ.

Аяулы жарды, ардақты әкені сағына еске ала отырып, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Әкеге сағыныш

Әке жәйлі мұңды шерткен терменің,
Сазын тыңдап өзегімді кернедім.

Бұл қалайша!

Әке неге көктесіз...

Ал, мен неге жетімсіреп жердемін,

Өзің қазған ақ бұлақта тұнық жоқ.

Уысыңнан су ішпесем шөлдедім,

Шексіз ғұмыр атауына кім не?

Жалған Өмір қайғыңмен бар өлмегің.

Анашыммен отыратын төрімде,

Өттең Әке тойымды да көрмедің.

Қаралы күн жоқтығымен арбаған,

Айналаман жылу таппай жан бағам.

Қабіріңде жылап отқан Қызың ғой,

Әкесіне сағынышы қанбаған!

Әке...

Сеземсіз аласұрған жәйімді,

Тағдыр сыны қанатымды қайырды.

Әкетайым асқар тауым алыбым,

Өмір сізді ерте бізден айырды.

Еске алушылар: жұбайы – Зәмзағұл, балалары – Ағыбай-Ботакөз, Әйгерім, Инжу, жиен немерелері – Асылай, Айбатыр.

Еске алу



Ақтоғай ауданының тұрғыны, ардақты жар, жан досымыз **Бакиров Асхат Оңалбайұлы** сағынышпен еске аламыз. Дүниеден қайтқанына биыл 5 жыл болады. Егер тірі болса, 19 қараша күні 50 жасқа толар еді. «Жазымыштан озымыш жоқ» деген. Алланың ісіне шара бар ма, мәңгілік сағынышқа айналған жарқын жүзін аңсаумен келеміз.

Жанына әрқашанда адалдықты ту еткен, тура мінезді, адамгершілікті жоғары қоя білетін досымыз еді. Қанша жылдар өтсе де аласармайтын, жыл өткен сайын биіктей беретін, жан досымыз өмірден өтсе де, рухы мәңгі бізбен жасай бермек.

Өттең, дүние болды ғой ғұмырың қысқа,

Тірі болсаң келер едің 50 жасқа.

45 жасында қара жер қойнына алды.

Біздермен ақжарқын бейнең қалды.

Амал бар ма, жазымышқа бағынамыз,

Еске алып, әрқашанда сағынамыз.

Еске алушылар: бірге жүрген отбасылық достарың – Сайран-Бота, Қанат-Нұрила, Мамыр-Коми, Ермек-Меруерт, Абзал-Жазира, Надира, Жандос-Анар, Алтай-Жанерке.

Еске алу



Асық атып, асау тайға мінгесіп, бала кезден бірге өскен құрдасымыз **Байбосынов Қайрат Ақжарқынұлының** арамыздан бақиға аттанғанына 1 жыл болды. Жүзінен нұр, күлкісінен мейірім төгіліп тұратын досымыздан қапияда айырыламыз деп ойлаппыз. Қимастық пен сағыныш

сезіммен досымызға тыныстаған мекенің жайлы, топырағың мамық, жатқан жерің жарық, жаның жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Сағыныш мұң жүректерді жаныштап,

Елес болып кеттің көзден алыстап.

Бір Алланың әміріне амал жоқ,

Дұға оқимыз артынан Құран бағыштап.

Еске алушылар: 89 жылғы класстастары.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құттықтаймыз!

Асыл жар, асқар тау әке, немерелерінің сүйікті атасы **Зейнелгабдин Асқат Болтайханұлы!**

Сізді зейнеткерлікке толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге жүзіңізден шуақ кетпей, ұл-қыздарыңыздың, туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ортасында әрдайым сыйлы болып, күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп біздің ортамызда ұзақ жасай беріңіз деген ақ тілегімізді білдіреміз. Кісілік пен кішіпейілділік тұла бойыңыздан төгіліп тұрған сіздей әкемізді әрдайым мақтан етеміз.

Жан әке, сіз ғой биік асқарымыз,

Сіз барда шайдай ашық аспанымыз.

Жұп жазбай анамызбен ғұмыр бойы,

Бақ таймай, ұзақ болғай жастарыңыз.

Құттықтаушылар: жұбайы – Рая, балалары, немерелері.

* * * * *



Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз **Абилдина Бақытгүл Абилахқызы!**

Сізді зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы мерейлі күнде сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Немере, шөберелеріңіздің ортасында ойнап-күліп жүре беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз, Жетпістің желкесінен асыңыз.

Қуат алып денсаулықтың нәрімен,

Жүзіп өтіп, жүзге аяқ басыңыз.

Ақ тілекпен: көршілеріңіз – Төлеухан-Рысжан, Шәріп-Гүлсәния, Рзық, Шамишия, Өмен-Жанар, Әлібек-Гаухар, Мұрат-Ғайша, Қарғаш, Доклад, Орал, Ербол-Бибігүл, Гүлмира, Сәрсенбай-Нұрсұл.



Құттықтаймыз!

Құрметті құдамыз **Сәтжан Өміржанұлы** 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмір айдында айтулы белесті бағындырып отырған мерейтой иесіне мықты денсаулық, ұзақ та баянды ғұмыр, бақыт пен шаттық тілейміз. Әрбір күніңіз қуаныш пен қызыққа толы болып, асқақ армандарыңыз орындалып, жүзіңізде әрдайым нұр ойнасын. Алла берген ұрпақтарыңыз бен туған-туыстарыңыздың ортасында күліп-ойнап жүре беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын мерейтой – 60 жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың.

Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй, Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Тілек білдірушілер: құда-құдағиыңыз Серік-Бибігүл, Асқар-Кенже, Данияр-Риза, Бахтияр-Айгерім, Шалқар.



* Бәрекелді

«Самал жел» би тобы жеңіс тұғырында

Қараша айының жұлдызды күндерінің бірінде Шашубай кенті Мәдениет үйінің «Самал жел» би тобы Алматы қаласында өткен халықаралық «STAR QUEST» атты балалар өнер байқауына қатысып, олжалы оралды. Халықаралық конкурсқа қатысу үшін аталған ұжым біраз маңдай терлерін төгіп дайындалды. Конкурстың мақсаты болашағы зор балалар мен жастарды анықтау және жан-жақты

Адина, Төлеуғазы Толғанайлар бас жүлдені жеңіп алды. Тоғыз бен он екі жас аралығындағы бишілер Галай Ангелина, Туяқбай Арай, Ахметова Жұлдызай, Айтбек Анель, Темірғалы Иманғалы, Никифорова Елизавета, Сайлаубек Ажар, Газиз Камила, Адбекова Үміт, Жақсылық Расулдар «На синем море» биімен екінші орынды иеленді. Жоғарғы топта мың бұрала билеген өнерпаздар



қолдау, дарындыларды Қазақстанда ғана емес, шетелде де насихаттау, балалардың идеялық-көркемдік деңгейін арттыру және дамыту, шығармашылық қабілеттерін ынталандыру, жас ұрпақты шығармашылық арқылы еліміздің әлеуметтік-мәдени даму мәселелерін шешуге тарту, Қазақстанда дарынды балалардың жеке шығармашылық жобаларын іс жүзінде жүзеге асыру. Бағын сынап барып, бабы келіскен біздің жерлестеріміз Иванова Ольга Ивановнаның басшылығымен қатысқан Шашубай кенті Мәдениет үйінің «Самал жел» би тобының мың бұралған бишілер тобының бақтары жанып, маңдай жұлдыздары жарқырап қайтты. Атап айтар болсақ, төрт пен алты жас аралығындағы топта «Өзбек» биін нақышына келтіре билеген Асланқызы Гүлсезім, Дамият Сезім, Абдиль

Галай Ангелина, Тұяқбай Арай, Газиз Камила, Айтбек Анель, Ахметова Жұлдызай, Никифорова Елизавета, Адбекова Үміт «Бақыт» биімен бірінші орынға ие болды.

Ал, марапаттау сәтіндегі ең керемет көрініс «Самал жел» би тобының жұлделі Гран Приді жеңіп алуы болды. Жүлде құтты болсын жерлестер, биік белестерді бағындыра беріңіздер!

PS: Аталған топқа жетекшілік жасап, қаншама маңдай термен еңбек жасап жүрген О.Ивановаға ата-аналар, жерлестердің алғысы шексіз. Байқауға аттанған өнерпаздарға демеушілік танытқан аудан әкімдігі және жерлесіміз аудандық мәслихат депутаты Ерғазы Нұрланұлына айтар алғысымыз шексіз.

Б.Ербекеева,

Шашубай кенті мәдениет үйінің меңгерушісі.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

www.facebook.com/a.ajary.kz

[aqtogai_ajary](https://www.instagram.com/aqtogai_ajary)

FACEBOOK, INSTAGRAM ПАРАҚШАЛАРЫМЫЗҒА ТІРКЕЛҮДІ ҰМЫТПАҢЫЗДАР!

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

